

5. Татия К. Были ли лидеры «Алаш-Орды» борцами за независимость Казахстана? // Central Asia Monitor [Электронный ресурс] – 2019 – Режим доступа: <https://camonitor.kz/32814-byli-li-lidery-alash-ordy-borcami-za-nezavisimost-kazahstana.html>

6. Цитаты Алихана Букейханова [Электронный ресурс] – 2016 – Режим доступа: <https://alihan-bukeihan.ucoz.net/publ/>

7. Д.А. Аманжолова Казахское общество в 1-й четверти XX века: проблемы этноидентификации [Электронный ресурс] – 2008 – Режим доступа: <http://wap.history1997.forum24.ru/?1-10-0-00000008-000-0-0>

## ҚЫРЫМ ТАТАРЛАРЫНЫҢ ДЕПОРТАЦИЯЛАНУЫ

*Шаметов Б.Б. МИО-61 2 курс магистранты  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды  
университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан*

Бұл мақала 1944 жылы Қырым татарларының Қазақстанға күштеп жер аудару тарихын зерттеуге арналған. Кеңестік идеологияның үстемдігі және қоғамда орнаған елді басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйе, мұрағаттық құжаттардың қол жетімсіздігі аталған тақырыпты зерттеу барысын қиындатты. Одақ көлемінде ауқымды акция ретінде жүргізілген күштеп жер аудару саясатының салдары қазіргі күнде де білінеді. Депортация мәселесі қоғамдық-саяси, моральдық, құқықтық критерийлер тұрғысынан талдануы және өзінің бағасын алуы керек. Күштеп жер аударылған халықтарды ақтау процесінің әртүрлі мәселелерін зерттеу Қазақстанда да және КСРО құрамында болған көршілес мемлекеттерде де ұлттық саясатты әзірлеу және жүргізу үшін ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Отызыншы жылдардағы күштеп қоныс аудару саясаты алдымен әлеуметтік негізде, содан кейін ұлттық негізде жүргізілді. 20-30 жылдары КСРО-ның орталық аудандарынан Орал, Орта Азия, Сібір, Қазақстанға және Қиыр Шығысқа жоғарғы тап өкілдері, діни қызметкерлер, сондай-ақ ауқатты шаруалар (кулактар) жаппай қоныс аударылды. Соғысқа дейінгі жылдары әр түрлі сылтаулармен біраз халық жергілікті тұратын жерлерінен көшуге мәжбүр болды.

Осы тұрғыда зардап шеккендердің бірі Қазақстанның көпұлтты халқының этникалық құрамдас бөлігі болып табылатын Қырым татарлары болды [1, 31 б.].

Қырым татарларының Қазақстанға жер аударуының себептерін қарастыра отырып, соғыс қарсаңында олардың Қырым түбегі халқының бестен бір бөлігінен аз болғанын атап өткен жөн (1939 жылғы халық санағы бойынша)[2, 45 б.]. Қойылған мәселені зерттей отырып, ұлттық тұрғыдан жүргізілген депортация Қырымда орналасқан халықтың бүкіліне қатысты болды деп айтуға келмейді. Күштеп қоныс аударылған халыққа Үкіметтің шешімі жарияланбады.

Сонымен, 1944 жылы 18 мамырда таңертең Қырым татарларын көшіру акциясы басталды. Оны жүргізуге жазалаушы органдарға небәрі 60 сағат және 70-тен астам эшелон қажет болды (әрқайсысы 50 вагоннан тұрды). Бұл акцияны өткізу үшін ішкі істер мен мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссариатына ішкі әскерден 20 мың адам жіберу тапсырылды. Көшіруге дайындық өте жедел және ұйымдасқан түрде жүргізілді,

7 мамырда-ақ Қырымдағы халықты көшіру жөніндегі басшылық 2 мың жүк көлігін бөлуді сұрады. Жедел халық санағы жүргізіліп, Симферополь қаласында операцияны жүргізу жөніндегі штаб өз жұмысын бастап кетті. 13 мамырда КСРО Халық Комиссариатының арнайы қоныс аударушылардан мал, ауыл шаруашылығы өнімдерін және басқа да мүліктерді қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі комиссиясы келді [3, 32 б.].

Депортация нәтижесінде Қырым татарларынан: мүлкі бар 80 мыңнан астам үй, 127,5 мың бас ірі қара және 357 мың бас қой мен ешкі; 34 мың гектардан астам жер; азық-түлік, үй жөндеуге арналған құрылыс материалдары, 4 мың тоннаға жуық бидай, жүгері, арпа, жарма және ауылшаруашылық өнімдерінің басқа түрлері тәркіленді. Ауыл тұрғындары көптеген ауылшаруашылық құралдарын қалдыруға мәжбүр болды.

Рухани құндылықтар тартып алынып, кейіннен жойылды. Мұрағат құжаттарына сәйкес 112 жеке кітапхана, 664 бастауыш және 221 орта мектеп кітапханасы, 200 колхоз кітапханасы жойылған. Сондай-ақ, ат қоралар, түрлі қоймалар, дүкендер жабылып, кейіннен 2400 зират, ондаған театрлар мен мешіттер толығымен қиратылды. Қырым татар тілінде жойылған кітап қоры шамамен 25 миллион дананы құрайды. Ұлттық білім беру жүйесі, театр, қоғамдық-саяси ғылымдар, тарих және археология, тіл және әдебиет саласындағы зерттеулер жойылды. Іс жүзінде Қырым татар тіліндегі барлық жоғары, орта және бастауыш білім беру жүйесі, бүкіл мәдениет жүйесі жойылды деуге болады.

Жалпы, Қырымның халық шаруашылығындағы соғыс жылдарындағы шығын 20 миллиард рубльді құрайды, қырым татарларының үлесі шамамен 4,5 миллиард рубльді (толық кеңестік рубль) құрады. Атап айтқанда, кейбір мәліметтерге сәйкес, бүкіл қоғамдық-ұжымдық меншікті депортациялау нәтижесінде келтірілген материалдық шығын 1961 жылғы бағамен 1,4 миллиард рубльден асады, ал жеке меншіктің тек ескерілген түрлері бойынша Қырым татар халқы 2,5 миллиард рубльге тоналды. Оның ішінде Қырым татарларының бүкіл тұрғын үй қорын құрайтын 80 мыңнан астам тұрғын үй 785 миллион рубльге бағаланады. Кітап қорын жою кезінде келтірілген залал шамамен есептеулер бойынша 18 миллион рубльден асады [3, 48 б.].

Іс жүзінде депортация үшін негіз болды ма? Өздеріңіз білетіндей, 1948 жылы 9 желтоқсанда БҰҰ-ның барлық мүшелері ратификациялаған "геноцидтің алдын алу және оны жүргізген жағдайдағы жазалау туралы" халықаралық конвенция қабылданды. Конвенция бойынша, геноцид санатына адамдардың кез-келген тобы үшін оны толық немесе ішінара жоюға арналған жағдайларды тікелей немесе жанама түрде жасайтын әрекеттер жатады. Осылайша, репрессия тек кінәлі адамдарға ғана емес, сонымен бірге олармен бір топқа жататын адамдарға да қатысты [4, 48 б.].

1941 жылдың қараша айының ортасында Қырымды неміс әскерлері басып алғандығы белгілі. Түбекте дереу оккупация әкімшілігі мұсылмандардан тұратын қырым-татар комитеттерін құра бастады. 1942-1943 жылдары түбекте немістерге қызмет еткен әскери және азаматтық нысандарды қорғаған және партизандармен күреске қатысқан 9 қырым татар батальоны құрылды. 1944 жылы бұл құрылымдар Қырымды азат еткен Кеңес әскерлеріне белсенді қарсылық көрсетті. Сонымен бірге, 1941-1945 жылдары Қызыл Армия қатарында шамамен 25 мыңнан 35 мыңға дейін Қырым татарлары қызмет етті.

1944 жылы 10 мамырда Берия Сталинге хат жолдады, онда ол Қырым татарларын неміс басқыншылары жағында деп айыптады. Келесі күні мемлекеттік қорғаныс комитеті "Қырым татарлары туралы" №5859 (күпия түрдегі) қаулысын қабылдады, оған сәйкес барлық татарлар 1944 жылдың 1 маусымына дейін Қырымнан шығарылып, Өзбек КСР аумағында қоныстануы керек еді. Күштеп жер аударуға негіз болған себептер ретінде Қызыл Армия қатарынан қырым татарларының жаппай кетуі, қырым татарларының Германия армиясының, полицияның, түрмелер мен лагерьлердің құрамаларына белсенді қатысуы көрсетілген [5, 79 б.].

Ал, әскери биліктің 1944 жылдың 18 мамырындағы қырым-татар халқына жүргізілген саясаты елін сатқан "халық жауларына" қарсы "қажетті шара" ретінде қабылданды. Сол уақытта Қырым түбегінде соғысқа жарамды ер азаматтар жоқтың қасы болып, сталиндік сот төрелігінің ауыр қылышына көбіне қарттар, әйелдер, балалар түскен болатын. Пойызбен жөнелтілу барысында қырым татарларының біраз бөлігі аштықтан, ыстықтан және вагондардағы антисанитарияға байланысты барар жеріне жетпей көз жұмып жатты.

Сонымен, 1944 жылы мамырда Қырым түбегінен қырым татарларының 191044 өкілі көшірілді. Негізгі бөлігі Өзбек КСР-ына жөнелтілгенімен, 4501 адам Қазақстанға

қоныстандырылды. Олар қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Өскемен және Зырян, Аягөз, Глубокое, Күршім, Ұлан және Үржар аудандары мен Қарағанды облысына орналастырылды [3, 72 б.]. Депортацияланған қырым татарларының біраз бөлігі ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. Алайда, ауыл шаруашылығынан бөлек "Қарағандыкөмір" комбинатының кеніштерінде де жұмыс жасағаны жайлы мәліметтер бар.

1949 жылғы 20 тамыздағы есеп бойынша Қарағанды облысының аумағында 37 қырым татары (21 отбасы) есепте болды. Ворошилов аудандық бөлімшесінің құжаттарына сәйкес, 1948-1952 жылдары арнайы қоныс аударушылардың тізімдері Карлагтан босатылған және арнайы комендатураларда есепке қойылған татарлармен толықтырылды [3, 92 б.]. Өкінішке орай, Карлагтан босатылған татарлардың нақты санын мемлекеттік мұрағаттың құжаттары бойынша анықтау мүмкін емес.

Күштеп жер аудару өмір сүру дағдысын күрт өзгертті. Қырым татарлары өзге елдерде диаспораға айналды.

Лагерьлерде арнайы қоныс аударушылар ұлттық мәдениетті дамыту мүмкіндігінен ғана емес, сонымен қатар негізгі азаматтық құқықтардан да айырылды. Мұның бәрі қазіргі этностың қалыптасу процесін жеделдетуге жағдай жасады. Процесс екі демографиялық ұрпақтың ауысуы кезінде өтті. Бастапқыда, арнайы қоныс аударушылардың өмір сүру жағдайлары кеңестік концлагерьлердегі тұтқындардың өмір сүру жағдайлары мен еркін адамдардың қарапайым өмірінің ортасында болды. Қуғынға ұшыраған этнос өкілдерінің өмірі бұрынғы өмір сүру салтынан ерекшелініп қана қоймай, кеңес үкіметі Азияның жаңа тұрғындарына айналған халықты өнеркәсіптік өндірісте пайдалануды көздеді. Саяси құқықтарынан айырылған арнайы қоныс аударушыларда техникалық мамандықтар мен өндірістік кәсіби өсуді жетілдіруден басқа мүмкіндігі қалмады. Орталық Азияда дүниеге келген қоныс аударушылардың бірінші буыны бастауыш біліммен ғана шектелмей, бүкіліне міндеттелген орта білімде де алып отырды. Әрі қарай техникалық дайындықтан өтіп, өздерінің балаларын (қоныс аударушылардың екінші буыны) жоғары арнайы білім алуға итермелеп отырды. [5, 112 б.]

Техникалық әдебиеттердің орыс тілінде басылып шығатындығын ескерген қырым татарлары білімді орыс тілінде алуға тапшынды. Олар орыстандыру саясатына ешқандай қарсылық білдірмеді. Керісінше, тілді жылдам меңгерту мақсатында балаларын орыс тілді бала-бақшалар мен мектептерге бере бастады. Ата-аналар (және одан жоғары буын) аптасына 6 күн, күніне 8 сағат немесе одан да көп уақыт жұмыс істеуге мәжбүр болғандықтан, балалар негізінен үлкендермен толыққанды байланыстан, атап айтқанда, ана тілін табиғи түрде меңгеру үшін қажетті қарым-қатынас уақытынан айырылды. Бала кезден бастап олар татар емес, орыс тілінде сөйлеп үйренді. Индустриялық сұраныс депортацияланған халықты мәдени жағынан жақын түркі халқымен байланыстан айырып, күштеп орыс тілді ортаға күштеп біріктірді. Мұндай ортада өмір сүру татар халқына айтарлықтай қиындық тудыра қоймады. Олардың 76,1%-ы орыс тілін жетік білді. Қуғынға ұшыраған этностың орыс мәдени ортасына интеграциялануы ұлттық бірегейліктің көптеген элементтерінің жоғалуына әкелді [4, 95 б.].

Сонымен, қырым татарларын депортациялау саяси тұрғыдағы себептерге негізделіп жүргізілді. Күштеп қоныс аудару отанға опасыздық жасады деген жалған айыппен жүзеге асырылды. Осылайша, халықтардың депортациясы құқықтық тұрғыдан қорғалудың жоқтығынан болды. Ол әміршіл-әкімшіл жүйенің саясатын өрескел бұзумен және тоталитарлық режимнің орнауымен сипатталды. Ұлттық саясаттың өрескел бұзушылықтары бірқатар ұлттық-мемлекеттік автономиялық құрылымдардың (Еділ немістерінің автономиялық республикасы, қалмақ, Қырым автономиялық республикалары) жойылуында көрінді.

Қазақстан халқы да қуғын-сүргін нәтижесінде үлкен шығынға ұшырады. М.К. Қозыбаевтың деректері бойынша 1930-1953 жылдары контрреволюциялық, мемлекеттік қылмыстар жасады деген айыппен сот органдары 35 мың адамға қатысты үкім шығарып, оның ішінде 5430 адамды ату жазасына кескен [4, 107 б.].

1956 жылы 28 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының "Ұлы Отан соғысы кезінде шығарылған Қырым татарларының, балқарлардың, түріктердің - КСРО азаматтарының, күрдтердің, хемшилдердің және олардың отбасы мүшелеріне тағылған құқықтық шектеулерді алып тастау туралы" жарлығы шығарылды. Бірақ шектеулерді алып тастау күштеп қоныс аудару кезінде тәркіленген мүлікті қайтаруға және Қырым облысындағы тұрғылықты жеріне оралуға рұқсат бермеді. Қырымға оралу үшін қырым татарларының ұлттық қозғалысы пайда болды, олар үнемі КСРО-ның орталық органдарына өздерінің заңды құқықтарын қалпына келтіру туралы өтініштер жіберіп отырды. 1967 жылы депортациядан 23 жыл өткен соң, КСРО Жоғарғы Кеңесі орынсыз айыптауын толығымен алып тастады, бірақ мемлекеттің бұл шешімі тек декларативті сипат алды. Қырым татарларының жекелеген топтарының тарихи отанына оралу әрекеттері жергілікті биліктің қарсылығына тап болды.

Қырым-татар халқының табанды күресінің арқасында КСРО Жоғарғы Кеңесі 1989 жылы 14 қарашада қырым татарларының Қырымға жаппай оралуына бастама болған "күштеп қоныс аударылған халықтарға қарсы қуғын-сүргін әрекеттерін заңсыз және қылмыстық деп тану және олардың құқықтарын қамтамасыз ету туралы декларацияны" қабылдады. Отанына қайта оралғаннан кейін жаппай жұмыссыздық, жерді бөлу және соңғы жылдары пайда болған қырым-татар ауылдарының инфрақұрылымын дамыту мәселелеріне тап болды.

Сондай-ақ, 1991 жылы 26 сәуірде РСФСР-дің қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды ақтау туралы Заңы қабылданды. Онда Кеңес өкіметі орнаған уақытта "ұлттық белгілері бойынша жала жабу және геноцид саясаты мемлекеттік деңгейде жүргізілді, ол күштеп қоныс аударумен, арнайы қоныстану орындарында террор мен зорлық-зомбылық режимін орнатумен қатар жүрді.

Тек 2014 жылдың 21 сәуірінде ғана Ресей президенті Владимир Путин Қырым татарларын және қуғын-сүргіннен зардап шеккен басқа Қырым халықтарын ақтау туралы жарлыққа қол қойды [6, 1 б.].

2014 жылғы 11 наурызда Қырым парламенті қырым татарлары құқықтарын қалпына келтіруге кепілдік беру және татар халқының Қырым қауымдастығына интеграциялануы туралы қаулы қабылдады. Қырым парламенті жаңа республикалық конституцияны бекіту кезінде келесі кепілдіктерді қарастыру қажеттілігін атап өтті: қырым-татар тіліне орыс және украин тілдерімен қатар ресми тіл мәртебесін беру, қырым татарларының аудандық және қалалық кеңестерде және басқа органдарда кепілді өкілдерінің болуы, қырым-татар халқының құрылтай ұлттық өзін-өзі басқару мүшелерін тану.

Осылайша, КСРО-ның партиялық басшылығы жүргізген депортация ұзақ уақыт бойы мемлекеттік деңгейдегі құпияға жатқызылып келді. Күштеп қоныс аудару ауқымды акция ретінде, мемлекеттің өз аумағын мекендейтін кейбір халықтарға қатысты іс-әрекетінің салдары бүгінгі күнге дейін білініп келеді. Депортация өткен тарихымыздың құбылысы ретінде қоғамдық-саяси, моральдық, құқықтық критерийлер тұрғысынан талдануы және өзінің бағасын алуы қажет. Күштеп жер аударылған халықтарды ақтау процесінің әртүрлі мәселелерін зерттеу Қазақстанда да және КСРО құрамында болған көршілес мемлекеттерде де ұлттық саясатты әзірлеу және жүргізу үшін ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Спецпереселенцы в Карагандинской области. Сборник документов и материалов // Сост. Р.М. Жумашев, Л.В. Михеева / Под. ред. Е.К. Кубеева. – Караганда: Изд-во КарГУ. – 325 с.

2. Ильясов Р. Крымские татары. Краткий обзор прошлого и анализ социально-экономического положения настоящего. Информационный бюллетень. Вып.5. Алтын Бесик. 1997

3. Шаймуханова С.Д., Макалаков Т.Ж. Вклад спецпереселенцев и депортированных народов в развитие экономики Центрального Казахстана//Современные проблемы науки и образования, №3-2012, С.

4. Земсков В.Н. Кулацкая ссылка в 30-е годы //Социологические исследование. — 1991. — № 10.

5. Алдажуманов К.С. и Алдажуманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. - Алма-Ата, 1997.

6. <https://tass.ru/politika/1136038>

### III-IV МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ

*Амантаева Н.А., 2-курс магистранты  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ, Қазақстан*

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары ел арасында туындаған мәселелерді шешуде қозғалысты либералды реформалар үшін күрес бағытына бағыттауға тырысты. Олар бұл ретте қазақ қауымын сырттан келетін қауіптерден қорғайтын заңдарды қабылдау мақсатында Мемлекеттік Думаға қатысу мәселелеріне басты назар аударды. I және II Мемлекеттік Думаға сайланғандардың барлығы халық арасында ерекше құрметке ие болды. Бірақ, I-ші Думаға сайланған қазақ депутаттары кейбір жағдайларға байланысты толықтай Дума жиындарына қатыса алмады. Дума небәрі 72 күн ғана жұмыс жасаса да, А. Бірімжанов жер мәселесі туралы ескертулерді Думада талдап үлгерді. II Мемлекеттік думаға қазақ депутаттары толық құрамда келіп, қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді талдауды қолға алды. Алайда, бұл «ұлттық» бастамаларға наразы болған Николай II думаны таратып, «жаңа үлгідегі» Думаны құру туралы жарлық шығарды. Атақты «3 маусым жарлығы» негізінде қазақтар «надан» халық ретінде танылып, Дума трибунасынан сөйлеу құқығынан айрылып қалды. Бұл жағдай қазақ зиялыларын ұлт мүддесін қорғауда басқа жолдар іздестіруге ынталандыра түсті.

Міржақып Дулатов «Үшінші июнь законы һәм қазақ» мақаласында патшалық үкіметтің бұратана халық өкілдерінің жұмысын сыныққа сылтау іздегендіктен туған айла екенін оқырманға дәлелді жеткізген. «Қазақты үкімет «надан» деп сылтау қылса, әуелгі екі Думадағы қазақ депутаттарының көбі надан емес еді. Оқыған, шешен, қазақ жайын жақсы білетін адамдар еді» [1, 48 б.].

Қазақ халқы өз наразылығын танытып, депутат сайлануы керек деп талаптарын білдіргенде ішкі істер министрі В. Маклаков бір сөзінде «Қазақ халқының надандығын әуелгі екі Думаның сайлауы көрсетті, бұлар әлі де надандықтан құтылған жоқ» - деп қазақтан депутат сайлауды қабыл етпеген еді.

Осы кезеңде қазақ зиялылары мұсылман фракциясы тарапынан қолдау сұрап, өз талап-тілектерін Мемлекеттік Думаға жеткізіп отырған. Алайда мұсылман фракциясына берілген деректер толық болды деп айтуға болмас. Оған дәлел, «Қазақ» газетінде жарияланған фракция өкілі Құтлұғ Мұхаммед Тевкелевтің хатында «Қазақтар өздері бізге жәрдем етерге керек еді, бірақ олар елдерінде машақат ішінде зарланып жатса да, араларынан тура бізге халдерін түсіндіріп жеткізгендері жоқ дерлік. Бірлі-жарымды бізбен хабарласқандары болса да, олар да тұрмыстарына, шаруаларына келген кемшіліктерін дәлелмен көрсете алмайды. Мысалы, айталық, жер хақында. Түгел көрсетерге керек: алынған жер қай облыста, қай орында, кімнің жері, қанша жер, ол жерді қай ретпен һәм кім алды? Міне, осылардың толық дәлелін айтпаса, Дума мінберіне шығып: «Қазақтарды қысып жатыр, жерлерін тартып алып жатыр...» деген бос сөзден пайда шықпайды» [2, 49-50 б.] - дей келе, соңында өз мекен-жайларын қалдырған.